6В11312- КӨЛІК ЛОГИСТИКАСЫ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Еңбек нарығының талаптары мен кәсіби стандарттарға сәйкес келетін, көліклогистикалық инфрақұрылымда сәтті әлеуметтенуге және белсенді бейімделуге қабілетті көлік-коммуникация кешені үшін жоғары білікті бакалаврларды даярлау.
БББ міндеттері	- Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау; - қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы стандарттарды сақтау; - маркетингтің, менеджменттің, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қазіргі заманғы әдістерін қолдану, көліктегі басқарудың логистикалық жүйелерін жетілдіру негізінде жүк пен жолаушыларды жеткізудің әртүрлі көліктік-технологиялық жүйелерін ұйымдастыру және тиімді жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру; - оқытудың сапасын жақсарту және әлеуетті жұмыс беруші компаниялармен тығыз байланыс орнату мақсатында студенттерді ғылыми-талдамалық жұмыстарға тартудың жоғары жалпы интеллектуалды деңгейіне жетуге жағдай жасау.
БББ үйлесімділігі	- Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі; - 6 -шы біліктілік деңгейінің Дублин дескрипторлары; - Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); - Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	1. 01.09.2023. №136 «Өндірістік логистика» кәсіби стандарты, № 73 қосымша. 2. 01.09.2023. №136 «Жеткізу тізбегіндегі жүктерді тасымалдау бойынша логистикалық қызмет» кәсіби стандарты, № 70 қосымша. 3. 01.09.2023. №136 «Автомобиль көлігінде көліктік-экспедициялық қызмет көрсету» кәсіби стандарты, № 76 қосымша. 4. 01.09.2023. №136 «Теміржол көлігіндегі көлік-экспедициялық қызметтер» кәсіби стандарты, № 78 қосымша. 5. 01.09.2023. №136 «Жолаушылар тасымалы логистикасы» кәсіби стандарты, № 69 қосымша. 6. 17.01.2019г. № 12 «Көлік-логистика орталығын басқару және қызмет көрсету» кәсіби стандарты, № 2 қосымша. 7. 01.09.2023. №136 «Тасымалдауды ұйымдастыру және шарттары» кәсіби стандарты, № 52 қосымша. 8. 01.09.2023. №136 «Контейнерлік тасымалдау» кәсіби стандарты, №68 қосымша. 9. «Көлік логистикасы» бағыты бойынша салалық біліктілік шеңбері (СБШ), 2019ж.

Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «6В11312-Көлік логистикасы білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалавры» дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Жолаушылар тасымалы қызметінің бастығы, жолаушылар көлігі инфрақұрылымын дамыту жөніндегі маман, өндірістік логистика жөніндегі менеджер, көлік қызметінің бастығы, автокөлік компаниясының басшысы, теміржол көлігіндегі көліктік-экспедициялық компанияның басшысы, тасымалдауды ұйымдастыру және шарттары бөлімінің бастығы, контейнерлік алаңның бастығы, көліктегі логистика жөніндегі маман, логистика жөніндегі менеджер, мультимодальды тасымалдау жөніндегі маман, жеткізу тізбегіндегі жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі инженер, автомобиль тасымалдары жөніндегі менеджер, теміржол көлігіндегі көліктік-экспедициялық қызмет саласындағы маман, жолаушылар көлігі инфрақұрылымын дамыту жөніндегі маман, жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру жөніндегі маман, жолаушылар тасымалдарын сапа, операциялық логист, колледж, лицей оқытушысы және т. б.
Кәсіби қызмет саласы	- көлік қызметтері; - білім беру саласы.
Кәсіби қызмет нысандары	Өндірістік және сауда ұйымдарының логистика қызметтері; көліктік-логистикалық және көліктік-экспедициялық компаниялар; жолаушыларды, жүктерді, жүк-багажды және багажды тасымалдаумен, инфрақұрылымды пайдалануға берумен, олардың меншік нысанына қарамастан тиеу-түсіру жұмыстарын орындаумен айналысатын ортақ және жалпыға ортақ пайдаланылатын көлік ұйымдары мен кәсіпорындары нарығын зерттеу және қызмет көрсету жөніндегі маркетингтік қызметтер мен бөлімшелер; өндірістік және өткізу жүйелері; Көлік және оның мемлекеттік, өңірлік және жергілікті басқару деңгейіндегі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органдар, лицейлер, колледждер.
Кәсіби қызмет пәні	- көлік кәсіпорындарының техникалық құрылғылары мен құрылыстары, олардың жұмысының технологиялық процестері; - кәсіпорындар мен ұйымдар - көлік қызметін пайдаланушылар; - көлікті басқару жүйесін қайта құрылымдауды ескере отырып, тасымалдау процесінің логистикалық схемалары; - өндірістік және өткізу жүйелері; - оқу-білім беру процесі.
Кәсіби қызмет түрлері	- өндірістік-технологиялық; - сервистік-пайдалану; - есептеу-жобалау; - бақылау-ұйымдастыру; - ғылыми-зерттеу; - педагогикалық.